

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар, сондай-ақ оның объектілеріндегі ядролық және радиациялық қауіпсіздік туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 тамыз N 1002

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар, сондай-ақ оның объектілеріндегі ядролық және радиациялық қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 2968 N962968_ өкімін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының республикалық бюджетте оны ұстауға көзделген қаражат шегінде ұдайы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының ядролық және радиациялық объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік өрттен қорғау қызметінің бас басқармасы 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Курчатов қаласындағы Атом энергиясы институтының объектілерін өрттен қорғау функциясын қабылдасын. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Өрттен қорғау қызметі бас басқармасына Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Атом энергиясы институтының өрттен қорғауын, аталмыш өрттен қорғаудың 66 бірліктен тұратын штаттық саны мен қолда бар материалдық-техникалық құралдарымен бірге беретін болсын;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы жауапты тұтынушыларының жанындағы жеке автономды резервтік энергия көздеріне автоматты қосылуды ескере отырып келісілген тізім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының объектілерінде электр энергиясы мен байланысты тоқтатпаудың режимін айқындасын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының ядролық және радиациялық қауіпті объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында:

Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы баллистикалық

ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын жоюға және ядролық қарудың таратылуын болдырмауға қатысты Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Келісімнің және ядролық қарудың инфрақұрылымдарын жоюға қатысты Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің арасындағы 1995 жылғы 3 қазандағы Келісімнің іс-әрекетіне жататын, бұрынғы Семей сынақ полигонындағы ядролық қарудың инфрақұрылымдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуші бас ұйым ретінде айқындалсын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың мынадай келісімдер бойынша салық салу және кеден ісі мәселелеріндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізсін:

баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын жоюға, авариялық жағдайлардың зардаптарын жоюға және ядролық қарудың таралуын болдырмауға қатысты Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Келісім;

ядролық қарулардың инфрақұрылымдарын жоюға қатысты Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің арасындағы оған 1996 жылғы 10 маусымдағы Түзетулер ескерілген 1995 жылғы 3 қазандағы Келісім;

Халықаралық ғылыми-техникалық орталықты құру туралы 1992 жылғы 27 қарашадағы Келісім;

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беруді қамтамасыз ету үшін:

Курчатов қаласының әкімі 1996 жылғы 1 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Атом энергиясы институтының тұрғын үй қорын балансына қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Россия Федерациясының Үкіметімен жүргізілген ядролық жарылыстар мен олардың Қазақстанның аумақтарына зардаптары туралы бастапқы ақпаратты қамтитын архивтік материалдарды беру мәселелерін келіссін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Семей, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп облыстардың аумақтарында радиоактивтік қалдықтарды орналастыруға арналған ақының мөлшерлерін айқындасын

7. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағында жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлеріне берілетін мемлекеттік стипендиялар туралы Ережені әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі